

Sh.M.Mukhtarova, G.Mykysheva

Structure of organizational and pedagogical conditions of teaching «Self-knowledge» at school

The offered article referring to the analysis of proper theoretical literature gives the definition to the concept of «organizational and pedagogical conditions». It was taken as a basis when developing the structure of organizational and pedagogical conditions of teaching «Self-knowledge» at school. This structure includes institutional cooperation of organizational structures of school, and also hierarchy of subject relationship in educational process.

References

- 1 Dal' V.I. *Explanatory dictionary of the Russian language. A modern version*, Moscow: Publishing JeKSMO-Press, 2001, 736 p.
- 2 *Philosophical encyclopedic dictionary* / Main edition: L.F.Ill'ichev, P.N.Fedoseyev, S.M.Kovalev, V.G.Panov, Moscow: Sov. Enciklopediya, 1983, 840 p.
- 3 Ozhegov S.I. *The dictionary of Russian language. 70000 words*, under edit. N.Yu.Shvedova, 23 ed. revised, Moscow: Russkiy yazyk, 1990, 758 p.
- 4 *Dictionary of Russian language: 4 vol.* / AN SSSR, In-t of Russian language; under edit. A.P.Evgen'eva, 3 ed., stereotip, Moscow: Russkiy yazyk, 1985, 1988, vol. 4, S-Ja, 1988, 800 p.
- 5 Simonov V.P. *Pedagogical management*, Moscow, 1997, 97 p.
- 6 Yasvin V.A. *Educational environment: from modeling to the design*, Moscow: Smysl, 2001, 365 p.

ӨЖ 37.013 (574)

С.Қ.Әбілдіна, Ж.Б.Әсетова, К.А.Айдарбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: salta-7069@mail.ru)

Педагогикалық мамандықты дамытудың негізгі бағыттары

Мақалада қазіргі заманның өзгерістерге ұшырауы жағдайында педагогикалық мамандықты дамытудың негізгі бағыттары берілді. Авторлар кәсіби-педагогикалық саладағы әлемдік үрдістерге жүргізілген талдау негізінде мұғалімнің педагогикалық кәсіпқойлығымен қатар, оның жеке басының қасиеттеріне де қойылатын талаптарды күшейте түсу қажет екендігіне баса назар аударды.

Кілт сөздер: мамандық, педагогикалық мамандық, компьютерлендіру, ақпараттық технологиялар.

Адами өркениеттің бүкіл өне бойында еңбектің қоғамдық бөлінуінің құрылымында айрықша әлеуметтік (қоғамдық) функция қалыптасып, қарқынды дамуға ие болды, сөйтіп, осының арқасында мұғалім мамандығы пайда болды, оның мән-мазмұны ерекше, өзіне тән қызметті жүзеге асыра отырып, жеткіншек ұрпақты адам мәдениетінің құндылықтарына үйретудің негізінде өмірге дайындау болды.

Педагогикалық мамандық — қазіргі уақыттағы ең белгілі мамандықтардың бірі, тіпті осы мамандық басқа да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, себебі еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі. Педагогикалық мамандық — педагогикалық үдерісте тәрбиеленуші тұлғасын тәрбиелеудің, дамытудың, оның өзінше дамуының оңтайлы жағдайларын тудыруға және өзін еркін және шығармашылықта көрсетудің мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет. Педагогикалық мамандықтың негізгі ерекшелігі мұғалімнің талаптары мен мақсаттарының оқушының мақсаттарымен, мүмкіндіктерімен, тілектерімен сәйкестігі; педагогикалық қызметті сәтті жүзеге

асыру мұғалімнің педагогикалық технологияны, педагогикалық техниканы игеруімен, оның кәсіби санасының деңгейімен байланысты.

Жаңа ұрпақтарды өмірге және еңбекке дайындау мақсатында қоғамдық тәжірибені бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізудің қажеттілігі оқыту мен тәрбиелеу саласының қоғамдағы жеке, дербес функцияға айналуына себепші болды.

«Педагог» термині құл иеленушілік кезеңде Ежелгі Грецияда пайда болды, бұл термин кейін біртұтас ғылымның атауына айналды. Ол кезде бұл термин құл иеленушілердің балаларын мектепке ертіп апаратын құл деген мағынаны білдіретін еді. Мектеп туралы алғашқы мағлұматтар шамамен біздің заманымызға дейінгі 2500 жыл бұрынғы египеттік әдебиетте кездеседі. Онда төрелердің балаларына арналған сарай мектебі туралы айтылады. Кейін «мектеп» ұғымы Ежелгі Грецияда белең алды. Бұл терминнің негізгі мағынасы осы уақытқа дейін өзгерген жоқ: мектеп дегеніміз — білім ордасы.

Педагогикалық мамандық қалыптаса бастағаннан-ақ мұғалімдерге, ең алдымен, тәрбиелеушілік, бірегей және бөлінбейтін функция тән болды. Мұғалім дегеніміз — тәрбиеші, тәлімгер. Оның азаматтық, адами маңызы да осы.

Тәрбиелік ықпал етпей оқытуға болмайтыны сияқты, тәрбиеленушілерді білімдердің, икемділіктер мен дағдылардың күрделі жүйесімен қаруландырмастан, тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру да мүмкін емес. Барлық замандарда алдыңғы қатарлы ойшылдар оқыту мен тәрбиелеуді ешқашан қарама-қарсы қойған емес, тіпті олар мұғалім деп, ең алдымен, тәрбиешіні атайтын болған.

Қазіргі сөздіктерде «тәрбиеші» дегеніміз — басқа бір адамның дамуы үшін жауаптылықты өз мойнына алған, сол адамды тәрбиелеумен айналысатын адам ретінде анықталады. «Мұғалім», «оқытушы» сөздері кейінірек пайда болды, өйткені қоғам білімнің өз алдына құндылық екендігін, балаларға білім беретін арнайы ұйым қажет екендігін ұғынды. Мұндай қызмет оқыту деп атала бастады.

Латынның «profiteor» деген сөзінен шығатын «professio» сөзінің түпкі мағынасы — «өз ісім деп жариялаймын» дегенді білдіреді. Яғни, мамандық дегеніміз — арнайы дайындықтың нәтижесінде алынған териялық білімдер мен практикалық икемділіктері бар адамның «еңбек қызметінің түрі» [1].

Мамандық дегеніміздің өзі — тұтас бір әлем, онда адам өмір сүреді, білімін жетілдіреді, осы әлемді ол өзінің бүкіл өмірі бойы біліп, танып етеді, бұл әлемнің өзінің кәсіби заңдары, адамгершілік нормалары мен құндылықтары бар. Кез келген мамандық адамнан белгілі бір жалпы және арнаулы білімділікті, икемділіктер мен дағдыларды, қасиеттерді талап етеді, ал олар жалпы немесе арнаулы білім алу барысында және практикалық жұмыс істеу кезінде қалыптасады.

Қазіргі қоғамда еңбектің ондаған мың түрлері бар. Олардың әрқайсысын да адамға қоятын талаптарының жүйесіне қарап кәсіп деп атауға болады. Кәсіп деп адамға белгілі бір талаптар жүйесін қоятын еңбек түрін атауға болады. Сонымен қатар кәсіп дегеніміз — еңбек жолының бір түрі, ол адамнан арнайы дайындықты талап етеді, және өмір сүру көзі ретінде де пайдаланылады. Кәсіптің атауы еңбектің сипаты мен мазмұны арқылы, қызметтік функцияларымен, қолданылатын еңбек құралдары мен заттары арқылы анықталады [2].

Сонымен, кәсіп — көп мағыналы ұғым. Ол қазіргі педагогикалық ғылымда былай сипатталады:

- қызмет түрі, адамның орындайтын еңбек функцияларының жүйесі;
- әлеуметтік тұрғыдан мойындалатын, заңды түрде бекітілген еңбек орны;
- жақын кәсіптердің тобы (мысалы, кәсібі — мұғалім, мамандығы — қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі);
- кәсіби дайындықтың айрықша жүйесін алған маманның белгілі бір тәжірибесінің болуы;
- белгілі бір қызмет түрімен шұғылданатын адамдардың жиыны.

Мұғалім мамандығын мәңгілік мамандық деп те атайды. Адам пайда болған кездерден бастап-ақ жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа беру мен өмірде тәжірибені саналы түрде жинақтау қажеттігін сезінген.

Педагог мамандығы адамнан жан-жақты білімді, шексіз жан жомарттығын, балаларды асқан бір даналықпен сүйе білуді талап ететіні бұрыннан дәлелденген. Мұғалім мамандығын жоғары бағалай отырып, Ян Амос Коменский оны «күннің астында одан биік ешнәрсе жоқ», ең құрметті, ең артық мамандық деп санаған. Ол мұғалімді бақшадағы өсімдіктерді асқан бір сүйіспеншілікпен баптайтын бағбан, адам жанының түкпір-түкпірінде білім ғимараттарын тұрғызатын сәулетші, адам жаны мен ақылын қашап, егеп, әсемдейтін мүсіншімен, жабайылық пен тұрпайылыққа қарсы шабуылды бастайтын қолбасшымен салыстырған.

Ұлы педагогтың артына қалдырған мұрасында мұғалімге қойылатын басты талаптар қалыптастырылған. Бұл талаптардың мәні келесідей:

- мұғалім өзінің мамандығын жақсы көруі және оған мемлекеттік маңызы бар іс ретінде жауаптылықпен қарауы тиіс;
- білімді және өзінің педагогикалық шеберлігін арттыруға мүдделі болу;
- өзінің оқушыларының психологиясын терең білу;
- мұғалім өзінің міндеттерін адал және шын көңілмен атқаруы тиіс;
- оқушыларының талаптары мен қызығушылықтарын білу;
- мұғалім өзінің тәжірибесін өзгелердің игілігі етуге ұмтылуы тиіс;
- мұғалім тек мектепте ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де балалар мен олардың ата-аналары үшін үлгі болуы тиіс.

Педагогикалық мамандық адамнан еңбекқорлықты талап етеді. Бұл тұжырымның ақиқат екендігіне Ы.Алтынсарин, Т.Тәжібаев, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ш.Әлжанов, Ғ.Мүсірепов, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, А.С.Макаренко, Я.Корчак, В.А. Сухомлинский және басқа да отандық және шетелдік аса көрнекті педагогтардың өмірінен мысалдар келтіруге болады.

Мұғалім еңбегінің гуманистік бастауының саналы түрде алдыңғы қатарға шығарылуы барлық замандардағы педагогтарды сипаттайды. Фридрих Адольф Вильгельм Дистервег ХІХ ғасырдың орта кезінде былай деп жазады: «Әрбір жеке тұлғаның бойында әрбір ұлтта гумандылық, ойшылдық деп аталатын ойлардың образы тәрбиеленуі керек, ол жалпы адами игі мақсаттарға ұмтылушылық».

Л.Н.Толстой педагогикалық мамандықтың гуманистік бастауын балаларға деген сүйіспеншілік деп қараған. «Егер мұғалім тек ісін ғана сүйетін болса, ол жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім әкешеше сияқты тек баланы ғана сүйетін болса, ол кітап атаулының барлығын оқыса да, не ісін, не баланы сүймеген мұғалімнен артық мұғалім болады. Егер мұғалімде өз ісіне де балаға да сүйіспеншілік сезімі болатын болса, ол — нағыз мұғалім».

В.А.Сухомлинский мектептің ең бірінші міндеті — «әр оқушының бойындағы қайталанбас бірегей дарынды тану, анықтау, ашу, әлдилеп, жетілдіріп, өсіру» деп санаған.

Сондай-ақ педагогикалық мамандық өзінің мәні жағынан — шығармашылық мамандық. Ол педагогикалық құбылыстағы жаңалықтарды таба білуді, көзге көрінбейтін заңдылықтарды анықтауды, қадағалай білуді және, қадағалай отырып, маңыздысын аша білуді, педагогикалық фактілерді талдауды ұдайы талап етеді. «Мұғалімдік дегеніміз — өнер, ол, жазушының немесе композитордың жұмысына қарағанда, шығармашылық тұрғысынан еш кем емес, бірақ анағұрлым ауыр және жауапты іс. Мұғалім адам жанынан композитор сияқты музыка арқылы емес немесе суретші сияқты адамға бояулар мен түстер арқылы әсер етпейді, ол адам жанынан тікелей ықпал етеді. Өзінің тұлғасымен, өзінің білімімен, махаббатымен, өзінің өмірге деген көзқарасымен тәрбиелейді» [3].

Педагогикалық шығармашылықтың көрініс беретін саласы педагогикалық қызметтің негізгі қоспаларының құрылымымен анықталады және оның барлық жақтарын қамтиды: жоспарлау, нәтижелерді ұйымдастыру және талдау. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде педагогикалық шығармашылық өзгеріп отыратын жағдайларда педагогикалық міндеттерді шешу процесі деп қабылданады.

Осылайша, мұғалім мамандығы — ол биік те жауапты мұрат, оның мақсаты — тұлғаны қалыптастыру және оның өздігінен анықталуына, адамның бойында адамның бекуіне дем беру. Білім жүйесіндегі барлық реформалар мен жаңғыртулардың басты тұлғасы мұғалім болып табылады, өйткені үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени жағдайларда жолды еркін таба білетін шығармашыл, әлеуметтік тұрғыдан белсенді, білім беру процесінде жауапкершілікпен және кәсіпқой әрекет ететін тұлғасыз пәрменді педагогикалық жүйелер құру мүмкін емес.

Педагогикалық мамандықтың басқалардың қатарынан ерекшеленіп тұруы, ең алдымен, осы мамандық өкілдерінің ойлау образы, олардың өз міндеттері мен жауапкершілігін өте жоғары сезінуі. Оның ең басты айырмашылығы, ол өзгертуші де, басқарушы мамандықтардың қатарына бірдей жатады. Өз қызметінде тұлғаны қалыптастыру мен өзгерту мақсатын қоя отырып, педагог сол тұлғаның интеллектуалдық, эмоционалдық және физикалық даму процесін, оның рухани әлемінің қалыптасуын басқаруды мұрат етеді. Педагогикалық мамандықтың негізгі мағынасы — адамдармен қарым-қатынас. Педагогтың басты міндеті — қоғамдық мақсаттарды түсіну және өз оқушыларын соларға қол жеткізуге бағыттау.

Мұғалім мамандығын басқалармен салыстырғандағы ерекшелігі оның қызметінің нысаны ерекше серпінділігімен, күрделілігімен және көпқырлылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да бұл мамандық мұғалімнен арнайы білімді де, қандай да бір салалардағы білімдерді де талап етеді. Ал басшы ретінде ол оқушылардың қызметін жақсы түсінетін және білетін болуы керек, өйткені ол сол оқушыларды дамыту процесін басқарып отыр.

Осылайша, педагогикалық мамандық қос бірдей дайындықты талап етеді: адамтанушылық және арнайы.

Педагогтың функциялары (міндеттері, мақсат-мұраты) алуан қырлы, алайда солардың ішінен ең негізгі үшеуін атауға болады: оқытушылық, тәрбиелеушілік және қоғамдық-педагогикалық. Мұғалім ең алдымен оқытады, яғни, балалардың жалпы адами тәжірибесін, білімін және оларды алу жолдарын, оқу жұмысының әдіс-тәсілдерін меңгеруіне көмектеседі. Балалардың тұлғасын қалыптастыру оқыту барысында да, оқытудан тыс қызметте де жүріп жатады. Оқу процесінің ұйымдастырылуы, баланың мұғаліммен тіл табысуы, баланың тұлғасы, тәрбие жұмысы — осының барлығы да мектеп оқушысының белгілі бір қасиеттерінің қалыптасуына, оның дербестігінің дамуына септігін тигізеді, яғни тәрбиелік функция іске асады [4].

Мұғалімдер ешқашан өз қызметін жұмыстағы әрекеттерінің аясымен шектемейтінін ерекше атап айту керек. Мұғалім — ағартушы, қоғамгер. Көптеген мектептік, қоғамдық іс-шараларға қатысу, өзінің оқушыларымен бейресми түрде араласу, үйірмелер мен секцияларды басқару — бұның бәрі, негізінен өз еркімен атқарылатын қоғамдық қызмет, яғни қоғамдық-педагогикалық функцияларды атқару болып табылады.

Педагогикалық мамандықтың көптеген ерекшеліктерінің бірі — оның еңбектегі нәтижелерінің педагог тұлғасының қандай екендігіне тәуелділігі. Бұл ретте К.Д.Ушинский тұлғаны тұлға қалыптастырады, мінезді мінез қалыптастырады деп жазған еді. Ұстаз тұлғасы, оның кейбір жеке қасиеттері оның ондаған оқушыларына дариды. Алайда бұл оның жақсы қасиеттерімен қатар оның кемшіліктеріне де қатысты екенін ұмытпаған жөн [5].

Мұғалім жұмысына тән тағы бір ерекшелік — оның өзін жетілдіру, кәсіби өсу, алға ұмтылу жұмысын ұдайы тоқтатпауы қажет екендігі болып табылады. Тоқырау, тоқмейілсу оған мүлдем жат.

Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі, сонымен қатар оның қызметінің мұғалім мен оқушының арасында өзара қарым-қатынастарының барысында жүзеге асырылатындығы болып табылады. Мұндай өзара әрекеттестіктің сипатын, ең алдымен, мұғалімнің өзі анықтайды, мұндай өзара әрекеттестіктің ең оңтайлы түрі — ынтымақтастық, педагогикалық процесс субъектілерінің бірлескен шығармашылығы болып табылады.

Педагогикалық мамандықтың тағы бір ерекшелігі: мұғалім дегеніміз — мәңгі жастықтың кәсібі. Өзінің жасы нешеде болса да мұғалім жеткіншек ұрпақтың мүдделерімен өмір сүреді, олармен араласу мұғалімнің өмір бойы өзін рухани тұрғыдан жас болып сезінуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық мамандықтың көптеген түрлерінің пайда болуына қарамастан, мектеп мұғалімі ең көп таралған мамандықтардың қатарында саналып келеді. Соңғы онжылдықтар белсенді түрде педагогикалық білім саласын ХХІ ғасыр талаптарына сай қайта ұйымдастыру жолдарын іздестіру үрдісімен сипатталып отыр. Педагогикалық мамандық — қазіргі уақыттағы ең белгілі мамандықтардың бірі, тіпті осы мамандық басқа да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, өйткені еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі.

Ғылыми-техникалық революцияның қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерінің бірі — қоғам өмірінің барлық салаларында жүргізіліп жатқан компьютерлендіру үрдісі болып табылады, бұның өзі кәсіби, оның ішінде педагогикалық мамандықта да түбегейлі өзгерістерге ұласады.

Білім беру саласын ақпараттандыру, білім беру жүйесінің барлық буындарында ақпараттық технологияларды пайдалануды көздей отырып, аса маңызды қажеттілікке айналып отыр. Ғалымдардың (В.А.Сластенин, В.М.Нестеренко) пікірі бойынша, «ақпараттық икемділіктер бірте-бірте дәстүрлі «еңбек дағдыларын» артқа қарай тықсыра түсуде, мұның өзі болашақ мұғалімнің жоғары оқу орнында оқи бастағанынан-ақ оның жаңа ақпараттық ортада бағдар таба білуге ұмтыла білуін талап етеді» [6].

Қазақстан Республикасының нормативтік және тұжырымдамалық құжаттарына, педагогикалық мамандықтың дамуы мен жаңғыруына және қазіргі қоғамның өзгеру жағдайларында мұғалімдерді дайындау жүйесіне сәйкес неғұрлым ортақ үдерістердің қатарына мыналар жатады:

– мектептердің алуан түрлеріне арнап мұғалімдер дайындауда дуализмді болдырмау, бұл ретте университеттер жоғары оқу орындарының негізгі түріне айналады, сонымен қатар мұғалім мамандығы басқа да мамандықтардың деңгейіне жақындай түседі және оның қоғамдағы ролінің артуына ықпал етеді;

– балалар мен ересектерді оқыту ісіне қатысы бар мұғалімдер мен басқа да мамандардың ұзақтығы жағынан (бакалавр, магистр) әр түрлі және әр түрлі бағыттардағы бағдарламалар бойынша дайындалатындығын көздейтін педагогикалық мамандықтың көпдеңгейлілігі мен вариативтілігі, мұның өзі кәсіби мансапқа, оның ішінде еңбекке төленетін ақының мөлшеріне әсер етеді;

– педагогикалық білімнің мазмұнындағы жалпы білім берушілік компонентті күшейту, бұл келесі талаптарға сай келеді: өзінің барған сайын күрделене түсетін функцияларын орындау үшін мұғалім жан-жақты және жоғары білімді, рухани тұрғыдан бай адам және басқа бір адамның табиғатын сезіне білетін тұлға болуы керек;

– басқа бағдардағы мамандардың арасынан мұғалімдерді дайындаудың баламалы мүмкіндіктерін табу;

– мұғалімдік мамандыққа дарынды жастарды тарту;

– жоғары оқу орындарындағы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процестерін кіріктіру, диплом алғаннан кейінгі білім алудың нысандары мен түрлерін икемді ете түсу, біліктілікті үздіксіз көтеруге ынталандыру әдістерін әзірлеу.

Жоғарыда аталған аспектілердің бір бөлігі қазақстандық мұғалімдердің практикалық өмірінде де педагогикалық қызметінде де іс жүзінде жүзеге аса бастағанын атап өткен жөн. Мысалы, бірыңғай тарифтік кестенің енгізілуіне байланысты мұғалімдер өзінің кәсіби біліктілігінің арқасында неғұрлым жоғары разрядтар мен біліктілік санаттарын алуға үміткер бола алатын болды, мұның өзі моральдық қанағаттанушылыққа ғана емес, материалдық деңгейде де оң әсерін тигізуде. Жас маман-мұғалімдер үшін еліміздің бірқатар аймақтарында лауазымдық жалақыға ауқымды өсімақылар белгіленген. Ауылдық жерлердің жас мұғалімдері де бірқатар жеңілдіктерді пайдаланады: ер мұғалімдер әскери қызметтен босатылады, тұрғын үй сатып алуға пайызсыз несиелер беріледі, жекеменшік тұрғын үй құрылысын салуға жер телімдері тегін беріледі, жұмыс орнына дейінгі жолақылары мен коммуналдық қызметтер үшін төленетін төлемақылары төленеді және т.б.

Білім саласындағы, атап айтқанда, кәсіби-педагогикалық саласындағы әлемдік үрдістерге жүргізілген талдау мұғалімнің педагогикалық кәсіпқойлығымен қатар, оның жеке басының қасиеттеріне де қойылатын талаптарды күшейте түсу қажет екендігін көрсетіп отыр.

В.И.Андреевтің пікірі бойынша, жаңа мыңжылдықтың мұғалімдері мынадай қиыншылықтарға жолығуы мүмкін:

– білім сапасын жақсартудың барған сайын күрделі бола түсетін проблемалары, білім беру стандарттарының жоғары деңгейінің кепілдендірілуі, бұл проблемаларды тек жоғары кәсіби біліктілігі бар мұғалім ғана еңсере алмақ;

– шығармашылық және зерттеушілік мәселелерді көбіне мұғалімнің өзі құрайды және оларды өзі шешеді, яғни, мұғалімнің шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің маңызы арта түседі. Осылайша, болашақтың мұғалімі даусыз шығармашылық тұлға болуы тиіс;

– барған сайын күрделене түсетін тәрбиелік проблемалар мұғалімнің неғұрлым зиялы болуын талап етеді, яғни мұғалімнің әлеуетінің рухани-адамгершілік ролі мен маңызы арта түседі;

– ХХІ ғасырдың мұғалімі оқыту мен тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы технологияларын, отандық және шетелдік тәжірибенің жаңа жетістіктерін үздіксіз меңгеруі, оларды өзінің нақты қызметіне лайықтап бейімдеуі, өзінің жеке қасиеттері мен қабілеттеріне лайықтауы тиіс;

– үшінші мыңжылдық мұғалімінің алдында бірқатар жаңа, кәсіби тұрғыдан өте күрделі кәсіби-педагогикалық проблемаларды шешу міндеті тұр, бұл міндет педагогика саласымен жанамалас философия, психология, медицина, дінтану, экономика, құқық, кибернетика сияқты ғылымдарды ұштастыра білуді талап етеді, ал бұл үшін мұғалім өз білімін үздіксіз ұштау үшін айтарлықтай күш-қайрат жұмсап, қабілеттілік танытуы қажет. Сондықтан да мұғалімнің тұлғасына қойылатын жалпы талаптар — кәсіби біліктілік, зиялылық, бәсекеге қабілеттілік, рухани байлық болып табылады.

Қазіргі уақытта мұғалімдердің қызметінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану кеңінен тарап келеді. Соңғы 10–15 жыл ішінде білім беру саласын компьютерлендіру мәселесі қиялдан ақиқатқа айналды деуге болады. Мұғалімге де, оқушыға да ақпараттың орасан зор ағындары

бейне бір нөсер жауындай құйылуда, ал соның ішінен оқушыға да, мұғалімге де керегін ғана сүзгідей сүзіп алу үшін сауаттылық пен ептілік қажет екені даусыз.

Білім беру мен мұғалім еңбегін ұйымдастырудағы негізгі проблемалардың қатарында, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдану тұрғысында келесі мәселелерді жеке бөліп атауға болады:

1. Болашақ педагогтың бірыңғай ақпараттық ортада еңбек етуге дайындығын қалыптастыру. Бұл проблеманы, бір жағынан, оқу процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін білу және түйсіну деп, екінші жағынан — оқу процесінде дәстүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологияларды ұштастыра білу деп қарастыруға болады.

2. Мұғалімге өз назарын оқытуды ұйымдастыру мен әдістемеге ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің концептуалдық аспектілеріне де бағыттай білуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық кеңістікті жасау және бірыңғай тезаурусты қалыптастыру.

3. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақ беруге (сабақ жүргізуге) дайындалу және соған көшу. Бұл ақпараттық-компьютерлік қолдаудың оқу курстарын әзірлеуді көздейді, оның ішінде білім беру мекемелерінің оқу жоспарларындағы гуманитарлық бөлікті де қамтиды.

4. Бірыңғай ақпараттық кеңістіктегі оқу процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету. Бұл мұғалімдердің, әдіскерлердің, психологтардың, оқу процесін компьютерлік қамтамасыз ету жөніндегі мамандардың бірлесе жұмыс істеуін талап етеді [7].

Осылайша, жоғары оқу орындарында оқу сатысының өзінде болашақ мұғалімдер оқу процесінде жалпы компьютерді қолдануға дайындалуы және нақты пәндерді оқыту кезінде компьютермен және басқа да микропроцессорлық техникалармен жұмыс істеу икемдерін меңгеруі қажет.

Сонымен қатар мұғалім еңбегінің проблемаларына, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың көптеген мәселелерін шешудің күрделілігіне қарамастан, жаңа мыңжылдықта адамға ең басты құндылық деп қарауды бекітетін, оның бостандыққа, бақытқа, дамуға, өзінің физикалық және рухани күш-қуатын білдіруге деген құқығын мойындайтын, әлеуметтік-құндылық идеялардың кешені ретіндегі гуманизм ХХІ ғасыр мұғалімінің көзқарастарының, нақты пікірлері мен идеалдарының жалпыланған жүйесіне айналады деп сенеміз [8].

Сонымен, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, тек қана гуманистік ойлаудың бекітілуі ғана мұғалім мен оқушының ара-қатынастарының қалыптасуына ықпал етеді деген қорытындыға келеміз. Мұндай стильдің өзіне тән сипаттары мыналар болып табылады:

- оқыту мен тәрбиелеуде жеке тұлғаға бағдарланған көзқарас идеясын іске асыру;
- өзара іс-әрекет етудің топтық нысандарынан бірте-бірте жеке нысандарға көшу;
- оқушыларға қойылатын талаптардың тікелей нысандарынан (нұсқау, өкім ету, бұйрық беру) жанама нысанына ауысу (кеңес, өтініш, ұсыныс);
- оқушылармен арадағы іскерлік қатынастарға эмоционалдық реңк беру;
- іскерлік коммуникативтік қызметті жүзеге асыру барысында тұрақты түрде бақылау жүргізудің болуы;
- мәдениеттілікті, өзіне, адамдарға, табиғатқа деген көзқарасты тәрбиелеуде оқушыға көмек көрсету.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. — М.: Просвещение, 2008. — 218 с.
- 2 Гоноболлин Ф.И. Книга об учителе. — М.: Просвещение, 1965. — 211 с.
- 3 Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. — Киев, 1975.
- 4 Джуринский А.Н. История педагогики. — М.: Просвещение, 1999.
- 5 Гуманизация воспитания в современных условиях / Под ред. О.С.Газмана, И.А.Костенчука. — М., 2007. — 113 с.
- 6 Маибищ Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. — М.: Педагогика, 1988. — 198 с.
- 7 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика. — М.: Просвещение, 2002.
- 8 Сорос-Қазақстан қорының және Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің Білім жөніндегі бағдарламасының материалдары. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.alledu.ru/news/1/3036>.

С.К.Абильдина, Ж.Б.Асетова, К.А.Айдарбекова

Основные направления развития педагогической профессии

В статье представлены основные направления развития педагогической профессии в условиях преобразования современного общества. Авторы статьи на основе анализа мировых тенденций в области образования, в частности профессионально-педагогического, особое внимание акцентируют на необходимости предъявления более высоких требований как к педагогическому профессионализму, так и к личностным качествам учителя.

S.K.Abil'dina, Zh.B.Asetova, K.A.Aiydarbekova

The main directions of development of the teaching profession

The article contains the principal directions of development of the teaching profession under transformation conditions of the modern society. The authors, based on the analysis of global trends in the field of education, particularly in professional teaching, emphasize the necessity in producing higher requirements both to the teaching professionalism and personal qualities of the teacher.

References

- 1 Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Yu. *Pedagogical dictionary*, Moscow: Prosveshcheniye, 2008, 218 p.
- 2 Gonobolin F.I. *The book about teacher*, Moscow: Prosveshcheniye, 1965, 211 p.
- 3 Sukhomlinskiy V.A. *How to bring up a person*, Kiev, 1975.
- 4 Dzhurinskiy A.N. *History of pedagogics*, Moscow: Prosveshcheniye, 1999, 89 p.
- 5 *Humanization of education in modern conditions*, under edit. O.S.Gazman, I.A.Kostenchuk, Moscow: Prosveshcheniye, 2007, 113 p.
- 6 Mashbic Ye.I. *Psychological and pedagogical problems of computerization of education*, Moscow: Pedagogics, 1988, 198 p.
- 7 Slastenin B.A., Isayev I.F., Mishchenko A.I., Shiyanov Ye.N. *Pedagogics*, Moscow: Prosveshcheniye, 2002, 56 p.
- 8 *Materials of the educational program of Ministry of education of Kazakhstan and Soros-Kazakhstan*, <http://www.alledu.ru/news/1/3036>.